

КМҚК «Алпамыс» бөбекжай-бақшасы

«Көлік түрлері»

(Кеңейтілген ойын іс-әрекеті)

Тобы: «Зерттеуші бүлдіршін» ересек топ
Тәрбиеші: Бегалиева К.Ү

Қызылорда 2023-2024 оқу жылы

Кіріктіріліп ұйымдастырылған іс-әрекет

Міндеттері:

Балалардың көлік жайлы білімдерін қалыптастыру, аттарын түрлерін ажыратуға үйрету, сюжеттік –рөлдік ойындар барысында жол қозғалысы туралы дағдыларын бекіту

(Қоршаған ортамен таныстыру)

Түрлі балалар әрекетінде бейнеленген суреттер бойынша әңгіме құрастыруға оны талқылауға үйрету

(Сөйлеуді дамыту)

5-ке дейінгі реттік санау дағдыларын дамыту, көліктерді сандардың реттілігімен құрастыруды үйрету

(Математика негіздері)

Ұжымдық құрастыруға қызығушылықтарын ояту, қағаздан "Оригами" үлгісі бойынша қайық бейнесін құрастыруды меңгерту

(Құрастыру)

Ойындағы музыкалық қимылдарды орындауға қызығушылық туғызу (Музыка)

Қолданылатын іс-тәсілдер:

Музыка жетекшісімен бірге әнді орындау, музыкалық қимылдарды қайталау, құрастырған суреттер арқылы әңгімелеу, сұрақ-жауап, ойын аймақтарда жұмыстар

Қажетті көрнекіліктер: сюжеттік ойындар жол ережелері, ойын аймақтарда ойын тапсырмаларына байланысты көрнекіліктер.

Кіріктіріліп ұйымдастырылған іс-әрекеттің өтілу барысы:

Балалар музыка жетекшісімен бірге автобус көлігімен топқа кіреді,

Музыка жетекшісі; -Балалар сендер өскенде көлік жүргізгілерің келе ме?

-Иә, ендеше «Мен жүргізуші боламын» әнін менімен бірге орындауға дайынсыңдар ма?

-Иә

-Олай болса барлығымыз рөлімізді қолымызға алып, әнді қимыл қозғалыспен бірге орындайық

-Дайынбыз ба?, ендеше кеттік



-Балалар музыка жетекшісі Айгерім Болатбекқызына рахметімізді айтып, ойын іс-әрекетімізді әрі қарай жалғастырайық

Музыка жетекшісі балалармен қоштасып шығып кетеді

-Балалар балабақшаға қандай көлікпен келдіңдер?

-Автобус көлігімен

-Автобус көлігі көпшілік мінетін қоғамдық көлік, ол немен жүреді?

-Автобус көлігі жермен жүреді

-Сендер осы автобус көлігінен басқа тағы қандай көлік түрлерін білесіңдер?

(Балалардың жауабы)

-Балалар осы көліктерге байланысты ойындар ойнаймыз, орындарыңа жайғасыңдар, сендердің алдарыңда көліктерге байланысты ойын тапсырмалар бар, сол көліктерді сандардың реттілігімен орналастырып, көліктер туралы әңгімелейміз



(Балалар алдарыңдағы тапсырмаларды сандардың реттілігімен орналастырып, қандай көлік екенін әңгімелейді)

-Жарайсыңдар, балалар сендер көліктер туралы ойларыңды жақсы жеткіздіңдер, әрі қарай осы көліктерге байланысты тағы да ойын ойнаймыз

-Бұл ойын жол қауіпсіздігіне байланысты болады, бірінші мен сендерге жұмбақ жасырамын, сендер мұқият тыңдаңдар

Жасыл көз «жүр» дейді

Қызыл көз «тұр» дейді

Сары көз «дайын бол» дейді

Бұл не екен?-Бағдаршам

-Дұрыс айтасыңдар келесі сюжетті рөлді ойынымыз «Жолдан өту» деп аталады, қазір сендерге бағдаршамның не үшін керек екенін және жолдан қалай өту керектігін бізге жол сақшысы келіп түсіндіріп береді, сендер мұқият тыңдап алыңдар

Жол сақшысы: Сәлеметсіңдер ме балалар, менің кім екенімді білесіңдер ме?, мен жол қауіпсіздігін сақтап тұратын жол сақшысы ағаларың боламын, қазір сендерге бағдаршам және жолда жүру ережелері туралы түсіндіріп беремін



-Бағдаршам бізге жол қиылыстарынан өтуге көмектеседі, жаяу жүргіншілерді жол апатынан сақтайды, жолдан өтерде өте мұхият болу керек, жолдан жүгіріп өтуге болмайды, бағдаршамның үш көзі –үш түрлі. Бағдаршам бар қиылыста адамдар өтетін ақ жолақтар болады, бағдаршамның қызыл көзі жанғанда көліктер тоқтайды, ал адамдар жаяу жүрушілер ақ жолақтармен өтеді, ал ортадағы сары көзі жанғанда, көліктер жүруге дайындалады, ал жасыл көзі жанғанда көліктер жүреді, сол уақытта жаяу жүрушілер тоқтап, көліктерге жол береді

Бағдаршамның үш көзі жаяу жүргіншілерге және көлікпен жүрушілерге де қолайлы, оның адам өміріне пайдасы көп және жолда көлік апатын сақтайды, олай болса балалар көшеде өткенде арнайы ақ жолақтардан өту керек, жолда өте сақ болу керек, жол ортасында доппен, шанамен ойнауға болмайды, Балалар «Жолдан өту» ойынын менімен бірге ойнағыларың келе ме? (жол сақшысымен бірге ойнайды)

-Жол сақшысы бізге қонаққа келіп, балаларға ақыл кеңес бергеніңізге рахмет!

Жол сақшысы: -Жарайды балалар сендергеде рахмет, ал енді өз қызметіме барайын, жолдан өткенде «Бағдаршамға» назар аударып өтіңдер, сау болыңдар балалар!

-Балалар сендерге ойын ұнады ма?, орнымызға жайғасып отырайық

-Балалар бұл қандай көлік?-Қайық



-Қайық су көлігі, қайықты адамдар өзеннің бергі бетінен, арғы бетінен өту үшін пайдаланады, қайықтар желкенді, ескекті және моторлы болып бөлінеді, қайық көлігіне ауыр заттар салынбайды, себебі ол батып кетеді. Балалар біз ойын алаңында қағаздан қайықты оригами әдісі бойынша жасайтын боламыз, қазір мен сендерге жасау жолымен таныстырамын. Таныстыру; балалар ойын аймақтарға бөлініп қағазбен жұмыс жасайды. -Балалар жасаған қайығымызға тәжірибе жасап, суға жүздіртіп ойнаймызба.

Қорытынды бөлім:

Ойын: «Кімнің қайығы жылдам жүзеді?»

Ойын шарты: Балалар су құйылған пластмас дүңгіршікке үрлеп қайықтарын жүздіріп ойнайды.



Ойынға белсене қатысқан балаларды мадақтап ойыншықтар үлестіру.

Күтілетін нәтиже:

Бейнеленген суреттер бойынша әңгімелер құрастырады.

Сандарды ретімен санайды, сөйлеуде сын есімдерді қолданып, салыстыру нәтижелерін атайды.

"Оригами" үлгісі бойынша қайық көлігін құрастырады.

Музыканы тыңдайды мәдениетін сақтайды.

Сюжетті-рөлдік ойындар барысында жол қозғалысы ережелері туралы біледі.

